ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СПОРТ САЛАСЫН БАСҚАРУДЫҢ ЦИФРЛАНДЫРУ МЕХАНИЗІМІНЕ ТАЛДАУ

Жәнібек БАЛҒАБАЕВ * Мемлекеттік басқару докторанты, Бизнес пен басқару магистранты, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясы, Астана, Қазақстан, zhanibek-939393@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0009-0004-4637-6983

Ұлан БЕКІШ PhD, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Астана, Қазақстан, ulan.bekish@apa.kz, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0001-8979-4238, Scopus ID: 57200142980

Vainius SMALSKYS Профессор, саясаттану ғылымдарының докторы, Мемлекеттік басқару және бизнес факультеті, Басқару институты, Миколас Ромерис университеті, Вильнюс, Литва, vainius@mruni.eu, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0002-2980-792X, Scopus ID: 55325349700

Қолжазбаның редакцияға түскен күні: 18/12/2026, Қайта өңделген күні: 13/04/2026, Қабылданған күні: 18/04/2026
ӘОЖ 338.2, ҒТАХТҚ 06.71.55

DOI: https://doi.org/10.52123/1994-2370-2026-1655

Аңдатпа. Мақалада еліміздің тәуелсіздік тарихында болмаған Жасанды интелект дәуірімен тұспа-тұс келген спорт саласын басқаруға негіз болған едәуір маңызды үлес қосуға лайықты Қазақстан Республикасының спорт және дене шынықтыру саласында болып жатқан цифрлық жаңалықтар мен инновациялық енгізулер қарастырылған. «Дене шынықтыру және спорттың цифрлық платформасын» (e-Sport) цифрландырудың бірыңғай платформасын енгізудегі басты ерекшелігі, халықаралық тәжірибемен салыстыру, осы жобаға қатысты стейкхолдерін анықтап, олардың мемлекеттік басқаруда тигізетін әсерлеріне Power-interest матрицасы арқылы талдаулар жасалды. Е-спорт цифрландырудың бірыңғай платформасының мақсаты мен құрылымы, мемлекеттік басқарудағы басты құралға айналушы платформа ретінде спортшылар мен жаттықтырушылардың, төрешілер мен нұсқаушылардың спорттық мекемелермен республикалық ұлттық аккредиттелген спорттық федерациялардың арасындағы ықпалдастықта атқаратын қызметі әрі ролі анықталды. Жалпы цифрландыру бағытында ғана емес, сонымен қатар осы спорт және дене шынықтыру саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің жалпы жай күйіне, цифрландырудың бірыңғай платформасын Е-спортты енгізгеннен кейін қандай нәтижелер беретіндігі туралы ақпараттарды қамтиды. Мақалада шетелдік және отандық авторлардың, халықаралық ұйымдардың есептерімен отандық мемлекеттік органдардың ресми парақшаларындағы цифрландыруға қатысты ақпараттардан туындаған пікірлері назарға алынды.
Түйін сөздер: спорт, цифрландырудың бірыңғай платформасы, мемлекеттік көрсетілетін қызмет, спорттық цифрландыру, денсаулық.

АНАЛИЗ МЕХАНИЗМА ЦИФРОВИЗАЦИИ УПРАВЛЕНИЯ СПОРТОМ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация. В статье рассматриваются цифровые инновации и инновационные внедрения, происходящие в сфере спорта и физической культуры Республики Казахстан, которые внести вклад в управление спортивной отраслью, совпав с беспрецедентной в истории нашей страны эпохой искусственного интеллекта. Были проведены основные исследования по внедрению единой цифровой платформы для «Цифровой платформы физического воспитания и спорта» (e-Sport), сравнение с международным опытом, выявление заинтересованных сторон, связанных с данным проектом, и анализ их влияния на государственное управление с использованием матрицы «Power-interest». Определены цель и структура единой платформы цифровизации Е-спорта как платформы, которая становится основным инструментом государственного управления, функции и роль спортсменов и тренеров, судей и инструкторов во взаимодействии спортивных организаций с национальными аккредитованными спортивными федерациями республики. В статье представлена информация не только об общем направлении цифровизации, но и общая состоянии государственных услуг в сфере спорта и физической культуры, о том, какие результаты будут получены после внедрения единой платформы цифровизации Е-спорта. В статье учтены мнения, выраженные в отчетах зарубежных и

* ✉ Хат хабарлар бойынша автор: Ж. Балғабаев, zhanibek-939393@mail.ru
© The Author(s) (2026). Published by Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan.
This is an Open Access article distributed under the terms of the Creative Commons Attribution License (https://creativecommons.org/licenses/by/4.0/), which permits unrestricted reuse, distribution, and reproduction in any medium, provided the original work is properly cited.

отечественных авторов, международных организаций, а также информация о цифровизации на официальных страницах отечественных государственных органов.
Ключевые слова: спорт, единая платформа цифровизации, государственные услуги, цифровизация спорта, здравоохранение.

ANALYSIS OF THE DIGITALIZATION MECHANISM OF SPORTS MANAGEMENT IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract. The article examines the digital innovations and innovative implementations taking place in the field of sports and physical culture of the Republic of Kazakhstan, which are worthy of a significant contribution to the management of the sports sector, which coincided with the era of Artificial Intelligence, unprecedented in the history of our country. The main feature of the implementation of a unified digital platform for the "Digital Platform of Physical Education and Sports" (e-Sport), a comparison with international experience, identification of stakeholders related to this project, and analysis of their impact on public administration using the Power-interest matrix were carried out. The purpose and structure of the unified platform for digitalization of e-sports, as a platform that becomes the main tool in public administration, the functions and role of athletes and coaches, referees and instructors in the interaction between sports institutions and national accredited sports federations of the republic are determined. The article contains information not only on the general direction of digitalization, but also on the general state of state services in the field of sports and physical culture, what results will be obtained after the implementation of the unified platform for digitalization of e-sports. The article takes into account the opinions expressed in the reports of foreign and domestic authors, international organizations, and information on digitization on the official pages of domestic government bodies.
Keywords: sport, unified digitalization platform, public services, sports digitalization, health.

Кіріспе

Еліміздің цифрлық даму жолындағы қадамы соңғы жылдары үлкен мінберлерден саяси шешімдер арқылы үлкен әрі маңызды роль атқаратыны туралы айқындалды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» (Қазақстан халқына жолдау, 2025) атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміз Жасанды интелектіні экономиканың барлық бағытындағы макроэкономикалық көрсеткіштерді басқаруда қол жеткізуге мүмкіндік беретін құрал ретінде кеңінен пайдалану туралы атап өтті.

Жалпы егемендік алған жылдан бері Қазақстан Республикасының спорт саласы бірнеше күрделі даму кезеңдерден өтті. Алайда, түрлі кедергілердің әсерінен саланы цифрландыру және сол бағыттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді электронды түрде жетілдіру кейінге қалдырып отырды. Спорт және дене шынықтыру саласындағы цифрландыруды қозғаушы күш ретінде республиканың барлық экономикалық саласындағы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің бизнес процесстерін оңтайландыру барысында 90%-ға дейін автоматтандыру және оңтайландыру туралы қабылданған шешім аясында бастау алды.

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеу институтының 2019-2024 жылдар аралығында жалпы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің жетістігі туралы ақпаратында барлық қызметтердің 93%-ы онлайн форматта, 91%-ы смартфон арқылы қолжетімді екенін, 35 цифрлық құжат және 50 проактивті сервис енгізілгендігі туралы және электрондық платформалар арқылы қазіргі күнде 3,7 млн. астам мемлекеттік қызмет көрсетілгенін атап өтеді (ҚСЗИ, 2026). Қазақстан Республикасының Covid-19 жылында еліміздің барлық спорттық бұқаралық іс-шаралары толығымен тоқтатылды. Халық арасында спорт денсаулық кепілі ұғымы қалыптасты. Азаматтар қоғамда өзіндік спортпен шұғылдануын арттырмаған жағдайда ол әлемдік денсаулық сақтау саласына кері әсерін берері анық. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының хабарлауынша (Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, 2025) әлемде тұрақты дене белсенділігі физикалық және психикалық денсаулыққа айтарлықтай пайда әкелетіндігін, ересектердің 31%-ы және жасөспірімдердің 80%-ы ұсынылған дене белсенділігі деңгейіне сәйкес келмейтіндігі және ересектер мен жасөспірімдер арасындағы физикалық белсенділіктің жеткіліксіз деңгейін төмендетудің жаһандық мақсаты - 2010 жылғы базалық көрсеткішпен салыстырғанда 2025 жылға қарай 10%-ға және 2030 жылға қарай 15%-ға салыстырмалы түрде төмендету қажеттігі баяндалған. Бұл ретте нақты саланы цифрмен анықтау үшін цифрландыру процесін кешенді түрде жүргізе отырып, жүйелерді интеграциялау арқылы қажетті дәлелді санға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Ғылыми зерттеулерге сәйкес егер дене белсенділігінің жеткіліксіздігі деңгейі төмендетілмесе, дене белсенділігінің жеткіліксіздігімен байланысты жаһандық денсаулық сақтау шығындары 2020 және 2030 жылдар аралығында шамамен 300 миллиард АҚШ долларын (жылына шамамен 27 миллиард АҚШ доллары) құрайды деп есептеледі.

Осыған сәйкес, халықтың нақты спорт және дене шынықтырумен шұғылдануына қолайлық жасау барасында спорт саласын цифрландыру процесі қолға алынып, нақты қажетті спорттық инфрақұрылымдардың картасын жасау арқылы қолжетімділікті қамтамасыз ету қажеттігі айқындалды. Алайда, елімізде спорт саласын цифрландыру бірнеше мәрте қаржылық қолдаудың болмауына орай кейінге қалдырылды.

Осы бағытта шетелдік авторлардың (Francesc G., Joshua M., Josep P., Francesc S., 2025) дене белсенділігі мен спорт қоғамның физикалық және психикалық әл-ауқатының негізгі тіректері болып табылады, салауатты өмір салты мен болашақ үшін маңызды құндылықтарды насихаттау құралы ретінде қызмет етеді. Сонымен қатар, спорт білім беруде, мәдениетте және қоғамның бірлігінде маңызды рөл атқарады, тарихи тұрғыдан қоғамның дамуына айтарлықтай әсер ететіні тоқталып, ғылыми зерттеу мақаласында соңғы жылдары, әсіресе 2020 жылдан бастап, спорт ұйымдарында тәуекелдерді басқарудың маңыздылығы туралы хабарлардың айтарлықтай артуы байқалғанын, сондай-ақ, жаңа технологиялардың пайда болуы және спортшылардың, қызметкерлердің және жанкүйерлердің қауіпсіздігі мен тұтастығын қамтамасыз ету қажеттілігін цифрландырумен байланыстырады.

Алайда, Еуропалық Одақ қоғамның салауатты және ұзақ өмір сүруіне қол жеткізуді қолдауда бұқаралық спорт саясатын қолдауды жүзеге асыруда. Спорттық іс-шараларға қатысуды ынталандырудың түрлі жолдарымен жасалатынын, оның ішінде цифрлық технологиялар арқылы, түрлі смартфондардағы қосымшалар арқылы адамның физикалық активтілігін арттыру қажеттігін туындату бойынша (Szczepaniak M., 2020) кеңінен тарқатады. Ең айқын анықталған байланыс - спорт пен демалысқа жұмсалатын мемлекеттік шығындар мен денсаулықты жақсартатын дене шынықтыру іс-шараларының ұзақтығы әртүрлі екенін мәлімдеген адамдардың үлесі. Егер мемлекет белсенді спорттық және демалыс іс-шараларына арналған нысандарды пайдалануға немесе қолдауға көбірек қатысса, онда адамдар спорттық іс-шараларға еркін және оңай қол жеткізе алады, мүмкін олар мұны ынтамен жасайтын шығар. Халықаралық олимпиада комитеті сарапшыларының пікірінше спорт цифрландырусыз дамымайды, оған тың серпін беру осы жаңадан туындайтын инновациялық қозғаушы күштің әсерлері болуы қажет. Спорт, уақыт және денсаулық құндылықтары қарапайым күнделікті өмірде осы цифрлық қажеттіліктерді біріктіреді. Мәселен, күнделікті жүру спортын өлшеуші құрал ретінде қалта телефондардағы қосымшалар немесе қол сағаттары сынды гаджеттердігі инновциялар болмаса адамзат қоғамда өзінің қаншалықты көлемде жаттығу жасағанын және қандай бағытта жаттығуды күшейту қажеттігі бағытында жұмыстану үшін осындай цифрлық инновацияның қарапайым бір бөлшегі ретінде танылады. Америка және Еуропаның біршама елдерінің халқы дене шынықтыру және спорт саласын күнделікті өмірдің ажырамас бөлігі ретінде танып келетінін жариялаған (ХОК, 2026).

Сонымен қатар, мақалада келесі авторлардың ғылыми ақпараттарына Д. Белл, Э. Тоффлер және т.б. (Белл Д., Тоффлер Э., 2004,2010) ақпараттық қоғам теориясына, бұл технологиялық факторға негізделген қазіргі қоғамның даму динамикасын талдауға мүмкіндік береді, қоғамды цифрландырудың адам денсаулығына теріс салдарын талдауға мүмкіндік беретін «тәуекел қоғамы» тұжырымдамасына Гидденс және Бек (Э. Гидденс, Бек У., 1994, 2000) сондай-ақ қазіргі қоғамның цифрлық трансформациясының ерекшеліктерін анықтау үшін трансформациялық тәсілге Кастеллс (Кастеллс М.,2000) еңбектеріне шолу жасалды.

Қазіргі қауымдастықтың Жасанды интелект (Guoxin Zhang., Zixiang Gao., Yinghu Peng., Yang Song., Lei Zhao., 2026) бағытында спорт және дене шынықтыруда спорттық басқарудың тың тәсілі спорттық ғылымға аса мән беретіндігін, сонымен қатар әлемнің үздік университеттері арасындағы көптеген универсиадаларда цифрлық технологиялардың көмегімен түрлі деңгейдегі дайындықтарды жүзеге асыру жүргізетіндігін анықтаған.

Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігінің ресми мәліметіне сәйкес «Дене шынықтыру және спорттың цифрлық платформасын» (e-Sport) (Туризм және

спорт, 2026) ақпараттық жүйесін іске қосуды жүзеге асырып жатыр. Ең алдымен аталған платформаны іске асыру үшін қаржылық тұрғыда дұрыс мақсаттарға қол жеткізуде қажетті платформаға спорт саласының барлық ақпаратын жүктеуде жүктеменің артуынан жүйеде олқылықтар пайда болуы ықтималдылығын болдырмау мақсатында жүйені енгізуді 2 кезеңге бөліп қарастырылған. Қазіргі таңда «Дене шынықтыру және спорттың цифрлық платформасы» (e-Sport) спортшылар, жарыстар және спорттық нысандар туралы мәліметтерді толық қамтиды.

Негізгі міндеттерін келесідей алып қарастыруға болады, спортшылардың, нұсқаушылардың, әдіскерлердің, төрешілермен жаттықтырушылардың бірыңғай дерекқорын қалыптастыру, елімізде өтетін және халықаралық спорттық бұқаралық іс-шаралардың республикалық электрондық күнтізбесін жүргізу, спорттық біліктілікті және спорт ұйымдарына мүшелікті электрондық форматта растау, республика аумағындағы барлық спорттық ғимараттардың біріңғай тізілімін қалыптастыру, көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді жалпы проактивті цифрлық форматқа өткізу.

Саланы цифрландыруда белсенділік танытқан еліміздің 83 республикалық ұлттық аккредиттелген спорттық федерацияларымен әр түрлі деңгейдегі 50-ге жуық спорттық ұйымдар мен мекемелерге аталған платформаны деректер қорымен толықтыру жұмыстарын жүргізуде. Ел аумағындағы цифрлық өркениеттің даму шегінде спорт және дене шынықтыру саласын ілгерілету басты қағидаттардың бірі ретінде танылады.

Материалдар мен әдістер

Ең алдымен, мәлімет жинақтау үшін (Кресвел Ж., 2014) сапалық әдісімен – спорт саласын цифрландыруға қатысты «Дене шынықтыру және спорттың цифрлық платформасын» (e-Sport) ақпараттық жүйесін енгізу және спорт және дене шынықтыру саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша кейс-стади (case study) талдауы, салыстырмалы контент талдау тәсілі жасалды. Сонымен қатар, мүдделі тараптарға арналған билік/пайыз матрицасымен мүдделі тараптардың (Колен И., Френ Э., 1998) жобаға ықпалы мен қызығушылығына қарай басымдық беруге болатындығы туралы талдау жасалды.

Зерттеудің мақсаты спорт және дене шынықтыру саласын цифрландырудың бірыңғай платформасы Е-спорттың қалай енгізіліп жатқанын, мемлекеттік басқаруды цифрландыруға қандай факторлар ықпал ететінін немесе кедергі келтіретінін, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді цифрландыруға өткізу және мемлекеттік қызметкерлер мен жүйені қолданушы спорттық мекемелер, жаттықтырушылар өзгерістерді қалай қабылдайтынын зерттеу.

Зерттеудің обьектісі ретінде спорт және дене шынықтыру саласын цифрландырудың бірыңғай платформасы Е-спорт бағдарламасы алынды.

Зерттеудің пәні ретінде спорттық федерациялармен спорттық мемлекеттік мекемелердің бейімделу процестері, басқару тәжірибесіндегі өзгерістер және спорт және дене шынықтыру саласын цифрландырудың бірыңғай платформасы Е-спортқа көшу кезіндегі спортшылармен жаттықтырушылардың өзара әрекеттесу.Зерттеу барысында отандық және шетелдік авторлардың халықаралық мақалалар жинағына шыққан мақалаларын, одан бөлек оқулықтар, мемлекеттік және халықаралық органдардың ашық есептеріне талдау жасала отырып қолданылды.


Нәтижелер мен пікірталас

Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігінің (Туризм және спорт, 2026) ресми мәліметіне сәйкес елімізде 2025 жылдың қорытындысы бойынша 8,5 млн немесе халықтың 44,5% (ҰСБ СЖРА деректері бойынша Қазақстан Республикасының халқы 01.10.2025 ж. жағдай бойынша 20 423 218 адамды құрайды) (Ұлттық статистика бюросы, 2026) жүйелі түрде дене шынықтыру және спортпен айналысады. Оның ішінде 3 млн адам (3 109 199 адам) ауылдық жерлерде шұғылданады.

Мәселен, өткен жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіштің өсімі 300 мыңнан астам адамды құрады (309 187 адам, 2024 жылғы көрсеткіш 8.2 млн адам немесе 41,4%). Атап айтқанда бұқаралық спортты насихаттауда халық арасына кеңінен танымал Стрит-воркаут, скандинавиялық жүру, жүгіру, жүру, бассейн мен ойын спорт түрлері және тағы

басқалары ерекше дамып келеді. Қоғам сұраныса орай осы алаңдардың барлығын цифрлық карта негізінде жүктемесін қарай отырып, адамдардың бір-біріне кедергі келтірмейтіндей спортпен шұғылдануына мүмкіндік туғызады.


Сурет1. Өңірлер бөлінісіндегі дене шынықтыру және спортпен шұғылданушылар туралы ақпарат 2025 жыл



Ескерту: Автормен Туризм және спорт министрлігі (2025) ресми сайты дереккөз негізінде құрастырылды.

Суреттен көріп тұрғанымыздай, үздік үштікті Алматы қаласы, Түркістан және Алматы облыстары бастап тұр. Сонымен қатар цифрландырудың келесі бір элементі ретінде, елімізде балалар спортын дамыту өткен жылы мемлекеттік спорт тапсырысын орындауға жергілікті бюджеттен 44,8 млрд теңге бөлініп, оның аясында 7 мыңнан астам спорт секциясымен 250 мың бала қамтылған. 2021 жылдан бастап спорт саласында Арспорт бағдарламасы іске қосылған болатын. Кейін цифрландырудың бірыңғай платформасы Е-спорт базасына интеграция жасау арқылы басқаруды жеңілдету мақсатында құрылды. Бұл бағдарламаның маңыздылығы мен жоғары сұранысын ескере отырып, жергілікті атқарушы органдар барынша қаржыландыруды қамтамасыз етуі арқылы халық кәдесіне жарап отыр. Олқылықтар болғанымен, мәселе өз шешімін тауып жатыр.

Сурет 2. Өңірлер бөлінісіндегі Артспорт бағдарламасы арқылы дене шынықтыру және спортпен шұғылданушылар туралы ақпарат 2025 жыл



Ескерту: Автормен Туризм және спорт министрлігі (2025) ресми сайты дереккөз негізінде құрастырылды.

Суретте көрсетілгендей Атырау, Батыс Қазақстан және Астана қалалары көш бастап тұр. Жалпы халықаралық тәжірибеде Исландияда Рейкьявикте заңды түрде тұратын барлық ата-аналар 10 спорттық және демалыс іс-шараларын жабу үшін 6 жастан 18 жасқа дейінгі балаға 50 000 крон субсидия алады. Қалалар алуан түрлі, және муниципалитеттердің халықтың барлық мүшелерінің қажеттіліктерін қанағаттандыруы маңызды (БҰҰ, 2022). Осындай тәжірибе қазір елімізде жүргізілуде, яғни 5 жастан 17 жас аралығындағы балаларды мемлекет қаржысы есебінен спорттық секциялармен үйірмелермен қамтамасыз етуде.Нақты ғылыми тұрғыдан алғанда әрбір мемлекеттің маңызды миссияларының бірі ол өзінің болашақ жас ұрпағын қалыпты әрі дені сау ұлт ретінде қалыптастыру мақсатында олардың дене дайындығына мемлекеттік деңгейде көңіл бөлуі болып табылады. Осындай шарт аясында түрлі деңгейдегі балалар спортынан кәсіби спортшы ретінде танылу ықтималдығы жоғары болады. Әрине, басқару саласындағы цифрлық құжаттарға қажетті ақпараттарды толық салыстырып қарағанда еліміздің спорт саласында жасалып жатқан жаңашылдықтар мен инновациялық ашылулар керемет нәтижесін беруде.

Зерттеудің негізгі бөлігіне тоқталатын болсам, спорт саласын цифрландыруға аса көп ден қойған мемлекеттер тәжірибесіне терең зерттеу жасайтын болсақ, контент талдауға кем дегенде екі мемлекет таңдап алынды. Оның біріншісі Франция, ол 2024-жылғы Париж Олимпиада ойындарын жоғары деңгейде өткізе отырып, цифрлық дәуірге керемет аяқ басты. Келесі мемлекет ол Оңтүстік Корея республикасы, мұндада спорт саласын цифрландыруға жалпы үкімет аппаратын цифрландыруға үлкен мән берілгендігін есепке ала отырып, Қазақстанның цифрлық әл-ауқатын салыстыруға алдық.

Зерттеудің келесі кезеңінде нақты цифрландыру мақсатында келесі кестеде спорт саласын қаншалықты деңгейде цифрландыруға ден қойғандығы туралы мемлекеттерді деректерін қарауға болады. Ол үшін талдауға халықаралық тәжірибені терең зерттеуге контент талдау алынды.

Кесте 1. Спорт және дене шынықтыру саласындағы цифрландыруға қатысты негізгі көрсеткіштерді салыстыру

Көрсеткіш	Қазақстан	Франция	Оңт. Корея
Спорт саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің автоматтандырылған үлесі	100%	100%	80%
Спорт саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің саны	10	15	20
Мемлекеттік деректер қорымен интеграциялануы	Жоғары	Жоғары	Жоғары
Бірыңғай қызмет көрсету порталын қолдану	eGov.kz «Халыққа қызмет көрсету орталықтарының» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі	Sport Data Hub (SDH) France	Gov.kr
Құжат тапсыру уақыты	10-15 мин	1–5 мин (онлайн)	5–10 мин
Цифрландырудың бірыңғай платформасы Е-спорт ақпараттық	2025 жылы іске қосылды	2022-2023 жылдары France.Sport цифрлық платформасын іске қосқан	Орталықтандырылыған

жүйесінің қарастырылуы			
Жүйе іске қосылған соң күтілетін нәтижелер	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер толық проактивті форматқа өтуі күтіледі	Жоғары жетістіктер спорты, ұлттық федерациялар, әкімшілік, басқару және мониторинг саласында бірқатар қызметтер цифрлық/автоматтандырылған режимге ауыстырылған	Digital Innovation Advisory Committee 2025 жылы құрылған, арнайы спорт және дене шынықтыру саласын цифрландыру жоспарда бар

Ескерту: Автормен (E-gov портал Қазақстан, Франция спорт мемлекеттік қызмет сайты, Корея спорт министрлігі) дереккөздер негізінде құрастырылды.

Кестеден қарап отырғанымыздай, салыстыруға алынған елдерде спорттың даму деңгейі еліміздің спорт саласына сәйкес келеді. Сонымен қатар, екі елдің әлемдік үлкен жарыс Олимпиада ойындарын Париж қаласында 3 рет (1900,1924,2024), Сеул қаласында 1 рет (1988) өткізу тәжірибесі бар [6]. Қазақстан Республикасының Олимпиада ойындарын өткізу тәжірибесі болмасада, үлкен спорттық сайыстарды өткізу қабілеті қалыптасып келе жатқан және орталық Азиядағы Олимпиада ойындарын өткізуді жоспарлап жүрген потенциялы жоғары елдердің бірі оетінде қарастыруға болады. Салыстырмалы түрде алғанда спорт саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің автоматтандырылған үлесі 3 елдеде жоғары деңгейді көрсетіп тұр, яғни спорт саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерга мемлекеттік басқару тарапынан дұрыс көңіл бөлінгендігін білдіреді. Мемлекеттік қолдау бар екендігінің анық айғағы. Спорт саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің саны Қазақстанда 10, Францияда 15, Кореяда 20. Біздің мемлекеттік көрсетілетін қызметтерден басқа салыстырмалы елдерде жоғары болуының ерекшелігі келесіде, яғни спорттық атақтар мен разрядтарды, жаттықтырушыларға квалификация беру сынды мемлекеттік көрсетілетін қызметтер Қазақстанда бір қызмет түрінде болса, Францияда спорттық атақтарды беру және олардан айыру бір қызмет, разрядтарды беру және олардан айыру бір қызмет ретінде бөлек бөлек көрсетіледі. Корея елінде барлығы бөлек бөлек көрсетілетін тәжірибе ретінде сақталған. Осыған орай, аталған қызметтердің саны біздің елімізбен салыстырғанда көп.

Мемлекеттік деректер қорымен интеграциялануы барлық елдерде жоғары. Себебі 2024 жылғы Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ., 2024) электрондық үкіметке жасалған шолуында Корея рейтинг бойынша 3 орында, Қазақстан 28, Франция 34 орында тұр. Яғни, осы рейтинг бойынша үздік 50 елдің қатарына кіретін мемлекеттерде электрондық үкімет өте жоғары деңгейде дамыған болып есептеледі.

Бірыңғай қызмет көрсету порталын қолдану Қазақстанда eGov.kz («Халыққа қызмет көрсету орталықтарының» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі) порталы арқылы жүзеге асырылса, Францияда Sport Data Hub (SDH) France ақпараттық интеграцияланған жүйесі арқылы жүзеге асырылады, Кореяда Gov.kr арқылы жүзеге асырылады. Зерттеу бойынша зерттеудің осы кезеңінде Қазақстан мен Оңтүстік Корея арасында ұқсастық бары анықталды.

Құжат тапсыру уақытында зерттеулер көрсеткендей аса көп өзгешелік байқалмады. Шамамен 5-15 минут арасы, себебі мемлекеттік көрсетілетін қызметтер онлайн түрде жүзеге асырылатындықтан, тұтынушылардың уақытты ұтымды пайдалануы басты назарда болған. Зерттеу алаңының ең басты бөлігі цифрландырудың бірыңғай платформасы E-спорт ақпараттық жүйесінің қарастырылуы Қазақстан жағдайында 2025 жылы іске қосылды және келесі кезеңдерді қосу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Франция елінде 2022-2023 жылдары France.Sport цифрлық платформасын іске қосқан, бұл спортшылар туралы ақпаратты, спорттық инфрақұрылымды санау, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыру сияқты Қазақстанмен ұқсастықтары бар ақпараттық жүйе болып отыр. Корея елінде Gov.kr мемлекеттік порталының құрамында спортқа қатысты бөлігінде біршама деректер қоры қарастырылған, алайда бөлек жеке деректер базасын қамтитын платформа қарастырылмаған. Себебі, Кореяда спорт және дене шынықтыру бойынша билеттерді сату және спорттық іс-шаралардың күнтізбесі сынды ақпараттар түрлі платформалардың

құрамында болғандықтан, арнайы бірыңғай цифрландырылған платформаға қажеттілік жоқтығын көрсетеді.

Жүйе іске қосылған соң күтілетін нәтижелер Қазақстанда цифрландырудың бірыңғай платформасы Е-спорт ақпараттық жүйесі толық іске қосылған соң мемлекеттік көрсетілетін қызметтер толықтай проактивті форматқа ауысыды, яғни мысал ретінде қызметті алушыларға қандайда бір жарыста орын алса, сол жарыстың деңгейіне сәйкес спортшыға спорттық атақ проактивті түрде беріледі және ол е-гов порталындағы жеке кабинетінде орналасатын болады. Францияда жоғары жетістіктер спорты, ұлттық федерациялар, әкімшілік, басқару және мониторинг саласында бірқатар қызметтер цифрлық/автоматтандырылған режимге ауыстырылған. Кореяда Digital Innovation Advisory Committee 2025 жылы құрылған, арнайы спорт және дене шынықтыру саласын цифрландыру қолға алынатыны қаралған.

Жалпы контент талдаудан әрі осы цифрлық технологиялардың қатысушыоары арасындағы байланыс стейкхолдерлеріне саралау жүргізілді. Спортшылар мен жаттықтырушылар қауымдастығына үлкен революциялық ашылу ретінде танылатын болады.

Жалпы жобаның қатысушыларына талдауды (Колен И., Френ Э., 1998) мүдделі тараптарға арналған билік/пайыз матрицасымен мүдделі тараптардың жобаға ықпалы мен қызығушылығына қарай басымдық беруге болатын. Аталған талдауды келесі кестеден көруге болады. Жобаның стейкхолдерлері көрсетілген.

2- кесте. Стейкхолдерді талдау


Қатысушылар	**Влияние Ықпал ету (Power)**	**Интерес Қызығушылық (Interest)**	**Квадрант / стратегия взаимодействия Әрекеттесу стратегиясы**	**Комментарий/Түсініктеме**
Туризм және спорт министрлігі	5	5	1 Басқару (Manage Closely)	Спорт саласындағы стратегия мен нормативтік базаны қалыптастыратын және салалық мемлекеттік саясатты жүргізетін негізгі орган
Бағынышты ұйымдар (Спортты дамыту дирекциясы т.б.), облыстық басқармалар	4	5	2 Серіктес болу (Collaborate)	Қаржыландыруға тәуелді спорттық-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырушы, жедел орындаушы
Қаржы және Әділет мининстрліктері	5	3	3 ROI-ге баса назар аудара отырып басқару	Бюджеттерді бақылайды, пайыздар экономикалық тиімділікпен шектеледі, барлық нормативтік құқықтық актілерді бақылайды
Үкіметтік емес ұйымдар (федерациялар, ұлттық олимпиада комитеті) / эксперттік қауымдастық	2	4	4 Хабардар ету және қатысу (Keep Informed)	Бақылауды, ашықтықты және азаматтардың пікірлерін қамтамасыз ету

Азаматтар / қолданушылар	1	5	□ 5 Хабардар ету және қатысу	Қызметтердің соңғы алушылары (спорт секциялары), заңдылық көзі
Бұқаралық ақпарат құралдары	2	3	◯ 6 Бақылау (Monitor)	Олар спорттық күн тәртібін қалыптастырады және спорттық нәтижелерді қабылдауды жақсартады
Халықаралық федерациялар (Халықаралық олимпиада комитеті, WADA, Халықаралық федерациялар)	3	4	□ 7 Серіктес болу (Collaborate)	Сараптамалық және реттеуші кеңестер беріңіз және жалпы қабылданған стандарттарды белгілеңіз

Ескерту: Автормен (Туризм және спорт министрлігі, Ұлттық статистика бюросы ресми сайттары) дереккөздер негізінде құрастырылды

Кестеден көріп отырғанымыздай, әрекеттесу стратегиясы 7 бөлікке бөлініп, бір бірімен қарым-қатынасын көруге болады. Яғни, Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық ең негізгі деген қажетті қатысушыларды іріктеп алынды. Жоғарыда көрсетілген кестеде цифрландырудың бірыңғай платформасы Е-спорт ақпараттық жүйесін қолданушылармен осы жобаны іске асыру жолында туындайтын қатысушылардың барлығын талдауға алу арқылы келесі кестедегі ақпартты көруге болады.

3-кесте. Power interest матрицасының көрсеткіштері



Екінші кестеде көріп тұрғанымыздай, 1 және 2 дөңгелектер яғни, салалық Министрлік пен бағынышты ұйымдардың арасында ықпалдастықтың болуы қадағалаушы рольде болатын Министрлік әрдайым қажетті ақпаратты өзінің деректер базасында ұстау арқылы өзара ықпалдық ролін күшейте түседі. 3-ші қатысушылары яғни Қаржы және Әділет министрлігі қадағалау және келісу функциялары негізінде рөл атқарады. Жаңа модульдерді іске қосу, тұтынушылардың бір уақытта платформа базасын қолдануда техникалық ақаулықтарын болдырмау мақсатында әрдайым дамытылып отырады әрі қаржылық қолдау

белгілі бір деңгейге дейін болатыны анық. Себебі цифрландырудың бірыңғай платформасы Е-спорт базасы өздігінен монетизация жасалмағандықтан, техникалық қолдау негіздері салалық Министрлік арқылы жүзеге асатын болады. 5-ші қатысушылар жүйені қолданушылар көбіне түсіндіру жұмыстарының болмауынан қиындықтарға тап болып отырады, сол негізде бөлек қалып отыр, яғни кез-келген жаңа инновациялық технологияларды қолдануда ақпарттық түсіндірме жұмыстарын кеңінен өткізу маңызды. Цифрландырудың бірыңғай платформасы Е-спорт ақпараттық жүйесін қолданушыларға қосымша сол ақпараттық жүйе ішінде жадынама ретінде электрондық нұсқасын қалыптастыру қажет. 4,6,7-ші қатысушылар өзара тоғысу нұсқасында бір-бірімен белгілі бір деңгейге дейін тығыз байланысып, қарым қатынас жасайтынын көруге болады.

Цифрландырудың бірыңғай платформасы Е-спорт ақпараттық жүйесін енгізгеннен кейін талдауды нақты осы платформаны қолданушылар мен мемлекеттік орган арасындағы сабақтастыққа байланысты жүргізуге болады. Соңғы жылдары IT технология саласында бұлтты есептеу технологиясы экспоненциалды өсімді көрсетті, ал аппараттық құралдарды жаңарту және есептеу өнімділігінің жақсаруы IT индустриясына айтарлықтай өзгерістер әкелді. Заманның өзгеруімен және көптеген жаңа талаптардың пайда болуымен бұлтты есептеу платформаларына негізделген деректер платформалары жаңа талаптарға сай болу үшін тиісті өзгерістер енгізуі керек. Олардың ішінде, әсіресе коммерциялық ортада, аймақаралық деректер орталықтарын салу ерекше маңызды. Бұлтты есептеу платформаларында деректер орталығының құнын қалай азайтуға болады, сонымен бірге бизнес сапасын қамтамасыз ету маңызды мәселеге айналды. Осы жолда цифрландырудың бірыңғай платформасы Е-спорт ақпараттық жүйесін қолдану шегін тек қазақстандық платформа ретінде емес әлемдік продукт ретінде монетизациялауға мүмкін жолдарын қарастыруға болады. Бұл дегеніңіз, мемлекет есебінен емес қаржыландыру көздерін айтарлықтай аша отырып, қажетті шараларды қабылдауға мүмкін алу қажет. Деректер орталығының өткізу қабілетінің құны оңтайландырылады және үлкен деректердің кешіктірілген терезелері мен көп кідіріс терезелеріне негізделген үлкен деректерді беру мәселесі шешіледі.

Бұлтты есептеу платформаларының құны үнемі өсіп келеді, ал деректер орталығының энергия тұтынуы қазірдің өзінде жоғары, бұл өткізу қабілеттілігін басқаруға назар аударуды талап етеді. Бұлтты есептеу деректер орталықтарындағы өткізу қабілеттілігінің құны да оңтайландыруды қажет ететін жоба болып табылады. Деректер орталықтары әдетте пайдаланушы деректерінің тапсырмаларын өңдеген кезде белгілі бір деректердің күтілетін атрибуттарын толық пайдаланбайтын нақты уақыт режиміндегі беру стратегияларын қолданады (Донъюэ В., 2023).

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, цифрландырудың бірыңғай платформасы Е-спорт ақпараттық жүйесінің алдағы он жылдықта нақты қадамдармен үздіксіз дамыту процесі жүргізілетін болса, тек ғана Қазақстан Республикасының спорт және дене шынықтыру саласының басқару жүйесіне әсерін тигізіп қоймай, кейбір халықаралық ұйымдардың жобаларындағы ақпараттық ресурстарды Орта Азия аймағында кеңінен насихаттауға, қолдануға мүмкіндік береді. Әрине, ақпараттық жүйені үздіксіз қажетті техникалық қолдау жасау арқылы осы мақсатқа қол жеткізуге үлкен мүмкіндік болады.

Қорытынды

Спорт саласын цифрландыру еліміздің тарихында ешқашан болмаған құбылыс. Ғылыми тілде алғанда еліміздің спорттық қауымдастықтары арасында дамуы үдейе түсіп, спорт саласын цифрлық платформа арқылы басқаруда алатын орны ерекше болып табылады.

Сонымен қатар, қоғамда спорт саласына қызығушылық деңгейі өте жоғары деңгейде өсуге байланысты халықтың тек жоғары жетістіктер спортымен емес сонымен қатар бұқаралық спорт түрлерімен шұғылдануына мүмкіндік беруі әрдайым сұраныста. Осы бағытта «Дене шынықтыру және спорттың цифрлық платформасын» (e-Sport) ақпараттық жүйесін енгізу және дамыту орынды деп санаймын.

Зеттеу нәтижелерінің қорытындысына сәйкес республика деңгейінде «Дене шынықтыру және спорттың цифрлық платформасын» (e-Sport) ақпараттық жүйесін қолдау және оның модульдерін толық енгізу тұтынушылар үшін пайдалы болмақ.

Біріншіден, республикалық спорттық-бұқаралық іс-шаралардың тізілім жасақталады, әрбір іс-шараның жанында сол іс-шараның өтетін орны, мерзімі, қарастырылған қаражат көлемі, қатысатын облыстық және республикалық командалар тізімі, халықаралық командалар тізімі сияқты ақпараттар бір ақпараттық жүйе аясында қамтылатын болады.

Екіншіден, Қазақстан Республикасының аумағындағы спорт және дене шынықтыру саласы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің 70 пайыздан астамы проактивті форматта көрсетіледі. Бұл мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша мерзімі жағынан және адамдар бюрократиялық процессетерден аулақ болуы, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің мүлдем жойылуына үлкен септігін тигізеді.

Үшіншіден, еліміздің аумағындағы барлық республикалық және жергілікті, аудандық және ауылдық деңгейдегі спорттық инфрақұрылымның цифрландырылған және бір жүйеге біріктірілген ақпараттары қалыптастырылатын болады. Мемлекет деңгейінде халықаралық спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізуде еліміздің инфрақұрылымдық әлеуетіне мониторинг жасау арқылы жүктемені бақылай отырып, оңтайлы шешімдер қабылдауға мүмкіндік туады.

Төртіншіден, халықарылық деңгейдегі спорттық бұқаралық іс-шараларды өткізуде, билеттер сатылымын реттеуге, афишаларды жариялауға, сондай-ақ келушілер назарына қажетті еліміздің туристік тартымдылығы мен орталықтары туралы танымдық ақпараттарды жариялауға мүмкіндік болады.

Қорытындылай келе, жалпы «Дене шынықтыру және спорттың цифрлық платформасы» (e-Sport) ақпараттық жүйесін енгізу спорт және дене шынықтыру саласындағы үлкен инновациялық өзгерістердің бастамасы ретінде спортшылар қауымдастығы арасында оң пайыммен қабылданады.

Әдебиеттер тізімі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-dauirindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifrlyk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының ресми сайты. URL: https://kisi.kz/kazakstanda-memlekettik-kyzmetterdi-chifrlandyru-2019-2024-zhyldardagy-zhetistikter/

World health organization officially website. URL: https://www.who.int/news-room/fact-sheets/detail/physical-activity

Francesc, G., Joshua, M., Josep, P., Francesc, S. (2025) Risk management approaches in sports organisations: A scoping review. URL: https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2025.e42270

Szczepaniak M. Public sport policies and health: Comparative analysis across European union countries. (2020) URL: https://dx.doi.org/10.7752/jpes.2020.s2142

Халықаралық олимпиада комитетінің ресми сайты. URL: https://www.olympics.com/ioc

Белл, Д. (2004) Грядущее постиндустриальное общество. Опыт социального прогнозирования / Д. Белл. - М.: Academia, - 783 с.

Тоффлер, Э. (2010) Третья волна / Э. Тоффлер. - М.: АСТ, - 795 с.

Гидденс, Э. (1994) Судьба, риск и безопасность / Э. Гидденс // Thesis.

Бек, У. (2000) Общество риска: на пути к другому модерну. / У. Бек. - М.: Прогресс-Традиция, - 381 с.

Кастельс, М. (2000) Информационная эпоха: экономика, общество и культура. / М. Кастельс / Пер. с англ. под науч. ред. О. И. Шкаратана. - М.: ГУ ВШЭ, -606 с.

Guoxin, Zh., Zixiang, G., Yinghu, P., Yang, S., Lei, Zh. (2026) Editorial: Revolutionizing sports science: Biomechanical models, wearable tech, and AI. URL:https://www.frontiersin.org/journals/sports-and-active-living/articles/10.3389/fspor.2026.1849247/abstract

Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігінің ресми сайты. URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/tsm/press/news/details/1079858?lang=kk

Creswell, J., W. (2014) Research design: Qualitative, quantitative, and mixed methods approaches (4th ed.) [Text]. – Thousand Oaks, CA: Sage,– 438 p.

Colin, E., Fran, A. (1998) Research design: power interest grid. [Text]. – 349 p.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми сайты. URL: https://stat.gov.kz/

UN E-Government Survey (2022) URL: https://publicadministration.desa.un.org/ru/node/2787

E-gov Мемлекеттік қызметтер және онлайн ақпарат порталы. URL: https://egov.kz/cms/kk
The influential media international sport France. URL: https://www.francsjeux.com/en/communicates/launch-of-the-France-sport-portal/?utm_source=chatgpt.com
Корея Республикасының Мәдениет, спорт және туризм министрлігінің ресми сайты. URL: https://www.mcst.go.kr/english/useful/usefulLink.jsp?pCate=30
UN E-Government Survey (2024) URL: https://publicadministration.un.org/egovkb/en-us/Reports/UN-E-Government-Survey-2024
Dongyue, W. (2023) Internet of things sports information collection and sports action simulation based on cloud computing data platform. URL: https://doi.org/10.1016/j.ypmed.2023.107579

References

Address of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan dated September 8, 2025.. URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-dauirindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifrlyk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957
Official website of the Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of the Republic of Kazakhstan. URL: https://kisi.kz/kazakstanda-memlekettik-kyzmetterdi-chifrlandyru-2019-2024-zhyldardagy-zhetistikter/
World health organization officially website. URL: https://www.who.int/news-room/fact-sheets/detail/physical-activity
Francesc, G., Joshua, M., Josep, P., Francesc, S. (2025) Risk management approaches in sports organisations: A scoping review. URL: https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2025.e42270
Szczepaniak M. Public sport policies and health: Comparative analysis across European union countries. (2020) URL: https://dx.doi.org/10.7752/jpes.2020.s2142
International Olympic Committee officially website. URL: https://www.olympics.com/ioc
Bell, D. (2004) The Coming Post-Industrial Society: An Experience of Social Forecasting / D. Bell. - M.: Academia, - 783 s.
Toffler, J. (2010) The third wave / Je. Toffler. - M.: AST, - 795 s.
Giddens, J. (1994) Fate, risk and safety / Je. Giddens // Thesis.
Bek, U. (2000) Risk Society: Towards a Different Modernity / U. Bek. - M.: Progress-Tradicija, - 381 s.
Kastel's, M. (2000) The Information Age: Economy, Society, and Culture / M. Kastel's / Per. s angl. pod nauch. red. O. I. Shkaratana. - M.: GU VShJe,-606 s.
Guoxin, Zh., Zixiang, G., Yinghu, P., Yang, S., Lei, Zh. (2026) Editorial: Revolutionizing sports science: Biomechanical models, wearable tech, and AI. URL:https://www.frontiersin.org/journals/sports-and-active-living/articles/10.3389/fspor.2026.1849247/abstract
Official website of the Ministry of Tourism and Sports of the Republic of Kazakhstan. URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/tsm/press/news/details/1079858?lang=kk
Creswell, J. W. (2014) Research design: Qualitative, quantitative, and mixed methods approaches (4th ed.) [Text]. – Thousand Oaks, CA: Sage, – 438 p.
Colin, E., Fran, A. (1998) Research design: power interest grid. [Text]. – 349 p.
The official website of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan National Bureau of Statistics. URL: https://stat.gov.kz/
UN E-Government Survey (2022). URL: https://publicadministration.desa.un.org/ru/node/2787
E-gov Public services and online information portal. URL: https://egov.kz/cms/kk
The influential media international sport France. URL: https://www.francsjeux.com/en/communicates/launch-of-the-France-sport-portal/?utm_source=chatgpt.com
Official website of the Ministry of Culture, Sports and Tourism of the Republic of Korea. URL: https://www.mcst.go.kr/english/useful/usefulLink.jsp?pCate=30
UN E-Government Survey (2024). URL: https://publicadministration.un.org/egovkb/en-us/Reports/UN-E-Government-Survey-2024
Dongyue, W. (2023). Internet of things sports information collection and sports action simulation based on cloud computing data platform. URL: https://doi.org/10.1016/j.ypmed.2023.107579

СВЕДЕНЬЕ ОБ АВТОРОВ

Жанибек БАЛГАБАЕВ*, Докторант государственного управления, Магистр бизнеса и управления Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан, Астана, Казахстан, zhanibek-939393@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0009-0004-4637-6983

Улан БЕКИШ, PhD, академик Международной академии информатизации, Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан, Астана, Казахстан, ulan.bekish@apa.kz, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0001-8979-4238, Scopus ID: 57200142980
Вайнус СМАЛСКУС, Профессор, доктор политических наук, факультет государственного управления и бизнеса, Институт Управления, университет Миколас Ромерис, Вильнюс, Литва, vainius@mruni.eu, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0002-2980-792X, Scopus ID: 553253497

INFORMATION ABOUT THE AUTHORS
Zhanibek BALGABAYEV*, Doctoral student at the Public Administration, Master of Business and Management Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan, zhanibek-939393@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0009-0004-4637-6983
Ulan BEKISH, PhD, Academician of the International Academy of Informatization, Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan, ulan.bekish@apa.kz, ORCID ID https://orcid.org/0000-0001 8979-4238,Scopus ID: 57200142980
Vainius VAINIUS SMALSKYS, Professor, Doctor of Social Science, Faculty of Public Governance and Business, Institute of Management, Mykolas Romeris University, Vilnius, Lithuania vainius@mruni.eu, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0002-2980-792X, Scopus ID: 55325349700